

Ақпаратпен ішкі істер органдарын қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің өкімі 25 ақпан 1994 ж. N 76-ө

Қылмысқа қарсы күресті күшейтуге және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған ақпаратпен ішкі істер органдарын қамтамасыз етуді жетілдіру мақсатында:

1. Ішкі істер органдарының бөлімшелерінде деректерді өңдеудің компьютерлік жүйесін құру жөнінде "Simens Nixdorf Osteuropa GmbH" фирмасымен (Германия) 42 781 860 неміс маркасына Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі жасаған жоба мақұлдансын және оны қаржыландыру герман кредит желісі есебінен қамтамасыз етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төлем кезінде белгілеген бағам бойынша 6417279 неміс маркасы мөлшерінде аванстық төлем жасау үшін мемлекеттік бюджеттен теңгеге шағылған қажетті қаражат бөлу көзделсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджет қаражаты есебінен төлем кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің баға бойынша кредитті және оған ілеспе шығыстарды теңгемен өтеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Әлем банкі KWF банкімен ("Кредитанштальт фюр Видерауфбау") 36364581 неміс маркасына кредит келісімін жасасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Әлем банкі кредит бойынша берешектің уақтылы өтелуін бақылауды қамтамасыз етсін.

Премьер-министр